




«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ







БЕКІТЕМІН


«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы-ректор
С.Н.Идрисов
«21» 12 2020 ж.

«ЭКОЛОГИЯ, БИО- ЖӘНЕ НАНОТЕХНОЛОГИЯ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ИНСТИТУТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖ № 170


Атырау, 2020 ж.

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	«Экология, био- және нанотехнология» ғылыми-зерттеу институтының директоры	Р.Ш. Абдинов		
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М. Утепкалиева		
	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	Д.Г. Батрышев		
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		
	Заң қызметінің жетекшісі	К.С. Куанов		

 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Экология, био- және нанотехнология» ғылыми-зерттеу институты туралы ереже	- бет, 10 беттен тұрады


Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	5
3	Нормативтік сілтемелер	5
4	Негізгі қызметі	6
5	Құқығы және жауапкершілігі	7
6	Танысу парағы	9
7	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	10

 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Экология, био- және нанотехнология» ғылыми-зерттеу институты туралы ереже	- бет, 10 беттен тұрады

1 Жалпы ереже

- 1.1 «Экология, био- және нанотехнология» ғылыми-зерттеу институты (бұдан кейін ЭБНҒЗИ) - осы Ережеге сәйкес жұмыс істейтін университеттің құрылымдық бөлімшесі.
- 1.2 ЭБН ҒЗИ өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын және нормативтік құжаттарды, Университет Жарғысымен, Басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтарын және осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.3 Институт өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын; ҚР Білім және ғылым Министрлігінің бұйрықтары мен өкімдерін; университеттің ішкі еңбек тәртібі ережелерін және өзге де жергілікті актілерін; келісімдер мен шарттарды, соның ішінде халықаралық шарттарды; ректордың бұйрықтары, өкімдері мен нұсқауларын басшылыққа алады.
- 1.4 ЭБН ҒЗИ – да өзіндік дербес және заңды тұлға мәртебесі жоқ, ЭБНҒЗИ-ды басқаруды институт директоры жүзеге асырады және ҒЖХҚЖП-ға бағынады. Институт директоры қызметке конкурстық комиссия шешімі негізінде «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және қызметтен Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен босатылады. Институт директоры жоқ кезде (іс-сапарда, жұмысқа жарамсыз болса және т.б.) директорлық міндетті «Экология» ОҒЗЛ-ның меңгерушісі атқарады.
- 1.5 ЭБН ҒЗИ өзінің қызметінде университет Басқарма төрағасы-ректоры бекіткен ағымдық және болашақта жоспарлаған бағдарламаларды, сонымен қатар Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарды (2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы, 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспар) негізге алады.
- 1.6 ЭБН ҒЗИ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау бюджеттен тыс көздерден қаржыландырылатын сыртқы тапсырыстар портфеліне сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.7 ЭБН ҒЗИ қызметін қаржыландыру:
- бюджеттік қаржыландыру;
 - клиенттермен және қызметтерді тұтынушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу, ғылыми-практикалық және білім беру қызметінен түскен табыстар.
- 1.8 ЭБН ҒЗИ құрамына кіретін орталықтар:
- 1.8.1 «Экология» оқу ғылыми-зерттеу лабораториясы (бұдан әрі ЭОҒЗЛ).
Лабораторияның негізгі міндеттері:
- Орал-Каспий бассейнінің гидрологиялық-гидрохимиялық режимін зерттеу;
 - Жайық және Қиғаш өзендеріндегі судың токсикологиялық ластану деңгейін бағалау;
 - Бассейндегі бекіре және жартылай өтпелі балықтар санының өзгеруін талдау;
 - Атырау қаласының тұрғын үй массивтеріндегі, көлік магистральдарындағы және өнеркәсіптік аймақтарындағы ауа бассейнінің экологиялық жағдайын зерттеу;
 - Азық-түлік токсикологиясын зерттеу.
- 1.8.2 «Биотехнология» ғылыми-зерттеу орталығы (бұдан әрі БҒЗО)
Орталықтың негізгі міндеттері:
- Биология, Биотехнология бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;


 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Экология, био- және нанотехнология» ғылыми-зерттеу институты туралы ереже	- бет, 10 беттен тұрады

- 1.8.3 -Биотехнология және жасыл химия, биогеотехнология, биоремедиация, өндіріс технологияларын әзірлеу және азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасы салаларында проблемалық-бағытталған зерттеулер жүргізу және технологиялар әзірлеу;
«SWARTEL ASU» ғылыми-зерттеу лабораториясы
Лабораторияның негізгі міндеттері:
- Биология, экология, химия және физика салаларында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;
 - Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінің ережелері мен рәсімдеріне сәйкес ҒЗЛ өнімдері үлгілеріне сынақтар және басқа да жұмыстар жүргізу;
 - Зерттеулердің толықтығы мен дұрыстығын, нәтижелердің объективтілігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету.
- 1.8.4 Биология,геоэкология және құрғақ жемшөп өндірісі бойынша ғылыми-өндірістік орталық (далее – БГҚЖӨБҒӨӨ)
Орталықтың негізгі міндеттері:
- Биология, геоэкология және құрғақ жемшөп өндірісі саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;
 - Республикада ауыл шаруашылығын дамыту мен тиімділігін арттырудың маңызды мәселелері, ауыл шаруашылығы өндірісіне ғылыми әзірлемелерді енгізу бойынша зерттеу жұмыстарын жоғары ғылыми деңгейде жүргізуді үйлестіру;
 - Жер және су ресурстарын ұтымды пайдалану, суармалы және тәлімді жерлердің, орман алқаптарының, таулы, шөлді аумақтар мен жайылымдардың құнарлылығы мен пайдалану тиімділігін арттыру бойынша ғылыми-әдістемелік негіздер мен практикалық ұсынымдар әзірлеу;
 - Ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясы мен тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын кеңейту және арттыру, селекциялық жетістіктерді сынау.
- 2 Қысқартулар**
- 2.1 Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:
КеАҚ АтУ – Коммерциялық емес Акционерлік Қоғам Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;
ЭБНҒЗИ - «Экология, био- және нанотехнология» ғылыми-зерттеу институты
АМЖП – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
ҒжХҚЖП – Ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор
СМК– Сапа мониторингі кеңсесі;
ҚББ – Құрылымдық бөлімнің басшысы.
ЭОҒЗЛ - «Экология» оқу ғылыми-зерттеу лабораториясы;
БҒЗИ - «Биотехнология» ғылыми-зерттеу орталығы;
СҒЗЛ – «SWARTEL ASU» ғылыми-зерттеу лабораториясы;
БГҚЖӨБҒӨӨ Биология,геоэкология және құрғақ жемшөп өндірісі бойынша ғылыми-өндірістік орталығы.
- 3 Нормативтік сілтемелер**
- 3.1 «Қазақстан Республикасының білім туралы» Заңы, «Ғылым туралы» Заңы, «Коммерциализация туралы» Заңы;
- 3.2 «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2011 жылғы 1 наурыздағы №413 – IV заңы);
- 3.3 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (2015 жылғы 23 қарашадағы №414 – V ҚРЗ);
- 3.4 ИСО 9001: 2015 Халықаралық стандарт талаптары.
- 3.5 КеАҚ АтУ-нің нормативтік құжаттары.



4 Негізгі қызметі

- 4.1 Экология, биология, биотехнология, нанотехнология, геоэкология және аридтік жемшөп өндірісі саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуді жоспарлау, ұйымдастыру. Қазақстан Республикасы, шет ел кәсіпорындары мен ұйымдары арасында шаруашылық келісім-шарттар жасасу.
4. Университет факультеттеріне жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға жәрдемдесу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикасын көтеру, тұрақтандыру және әртараптандыруды қамтамасыз ететін тиісті өндіріс салаларына зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін енгізу.
- 4.2 Ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жоспарларын әзірлеуге қатысу.
- 4.3 Ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлемелерді жүргізуге, тапсырыс берушілермен шарт бойынша өнім шығаруға, сондай-ақ мәлімделген бағыттарға сәйкес өнімге талдамалық өлшеулер, калибрлеу және сынақтар жүргізуге басқа ұйымдардың тапсырыстарын орындау.
- 4.4 Қолданылатын өлшеу құралдары мен әдістерін, шығарылатын ғылыми-техникалық өнімді және тәжірибелік-конструкторлық құжаттаманы қолданыстағы МЕМСТ-тармен, техникалық шарттармен және мемлекеттік сертификаттау, стандарттау және метрология жүйесінің басқа да нормативтік құжаттамасымен қамтамасыз ету.
- 4.5 Университеттің факультеттерінде орындалатын экология, биология, биотехнология, нанотехнология, геоэкология және аридтік жемшөп өндірісі саласындағы іргелі және қолданбалы жобалардың ғылыми зерттеулерін ақпараттық қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету.
- 4.6 Бакалаврлар, магистрлер және PhD докторлары деңгейінде жоғары білікті мамандарды даярлауға қатысу.
- 4.7 Авторлық құқықты қорғау, ғалымдардың өнеркәсіптік және зияткерлік меншігін және университеттің ғылыми-технологиялық өнімге құқықтарын қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету.
- 4.8 Мамандарды даярлау және қайта даярлау үшін еліміздің жетекші университеттерімен, жақын және алыс шетелдермен, басқа да ғылыми және білім беру мекемелерімен және өндірістік кәсіпорындармен ынтымақтастықты дамыту.
- 4.9 Маңызды білім беру және ғылыми-техникалық міндеттерді бірлесіп шешу мақсатында инновациялық қызметтің жаңа нысандарын, жоғары оқу орындарымен, ғылыми, жобалау-конструкторлық, технологиялық ұйымдармен және өнеркәсіптік кәсіпорындармен, қорлармен және басқа да құрылымдармен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту.
- 4.10 Жаратылыстану ғылымдарының, өндіріс пен білім берудің әлемдік жүйесіне қазақстандық ғалымдардың қатысуын кеңейту мақсатында шет елдердің ғылыми, оқу орындарымен және ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастықты дамыту.
- 4.11 Жарияланым, патенттік-ақпараттық қызмет.
- 4.12 ЭБНҒЗИ қызметін насихаттау
- 4.13 Студенттерді, магистранттарды, докторанттарды ғылыми жұмысқа тарту, экология, биология, био – нанотехнология, геоэкология және аридтік жемшөп өндірісі базасында жоғары білікті мамандар мен кадрларды даярлауға қатысу.
- 4.14 Қазақстан Республикасының заңнамасына және КеАҚ АтУ Жарғысына қайшы келмейтін өзге де іс-шараларды жүргізу.

 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Экология, био- және нанотехнология» ғылыми-зерттеу институты туралы ереже	- бет, 10 беттен тұрады


4.1 Жұмыстардың негізгі бағыттары

- 4.1.1 Ғылыми-білім беру қызметі (жұмыс жоспарын ұйымдастыру және бекіту, мамандардың біліктілігін арттыру, конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру);
- 4.1.2 Ғылыми зерттеулерді қамтамасыз ету үшін университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту;
- 4.1.3 ЭБНҒЗИ жұмысының негізгі бағыты – университеттің кафедраларына жоғары білікті ғылыми кадрларды дайындауда ықпал ету, тиісті салалардағы ғылыми және тәжірибелік-конструкторлық зерттеулер нәтижелерін жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, қамтамасыз ету, әзірлеу және енгізу. Университеттің оқу үдерісінің сапасын арттыру және Қазақстан Республикасының экономикасын тұрақтандыру.
- 4.1.4 ЭБНҒЗИ ғылымды, білім мен өндірісті біріктіретін, олардың арасындағы байланысты нақты жүзеге асыратын интеграциялық орын ретінде қызмет етеді. Бұл байланыс далалық эксперименттер жүргізу және жаңа білім алу арқылы жүзеге асырылады, соның арқасында өндірістің жаңа технологиялары жасалады; ЭБНҒЗИ жыл сайынғы ғылыми есептерді жасайды:
- 4.1.5 Қоғамның және ғылыми сарапшылардың үздік ғылыми-техникалық жетістіктері мен технологияларымен ЭБНҒЗИ-да семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру арқылы таныстыруды жүргізеді, оның қорытындысы бойынша техника үлгілерін жасау және енгізу үшін тиісті органдарға берілетін ғылыми-техникалық әзірлемелердің тізбесі жасалады;
- 4.1.6 Зерттеу нәтижелері патенттерді, өнертабыстарды, ғылыми жетістіктерді алуға арналған куәліктерді алуға өтінім түрінде ресімделеді;
- 4.1.7 Жаңа білім алуға ықпал ететін далалық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу негізінде еңбек нарығына бағдарланған жаңа ғылыми-білім беру бағдарламасын әзірлеу;
- 4.1.8 ЭБНҒЗИ-да алынған жаңа білім негізінде оқу пәндерін жаңарту.
- 4.1.9 Зерттеу нәтижелерін жариялау.

5 Құқығы мен жауапкершілігі

5.1 Құқығы:

- 5.1.1 Университет басшылығынан ЭБНҒЗИ қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрау;
- 5.1.2 ЭБНҒЗИ қызметін жетілдіру және зерттеу жүргізу үшін университет басшылығына ұсыныстар беру;
- 5.1.3 Басқа ұйымдар мен мекемелерде ЭБНҒЗИ құзыретіне байланысты мәселелер бойынша университет атынан өкілеттік ету;
- 5.1.4 Семинарларға, тренингтер мен конференцияларға қатысу;
- 5.1.5 Университеттің және университет бөлімшелерінің ақпараттық ресурстарына белгіленген тәртіпте қол жеткізу;
- 5.1.6 Ережеге енгізілетін өзгерістер ҒЖХҚЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
- 5.1.7 Ережені ЭБНҒЗИ директоры мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.
- 5.1.8 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:
- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен

 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Экология, био- және нанотехнология» ғылыми-зерттеу институты туралы ереже	- бет, 10 беттен тұрады

- өзгерістердің болуы;
- Басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
 - құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
 - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
 - ҒЖХҚЖП-дің рұқсат етуімен ЭБНҒЗИ директорының өзгертулер себептерін көрсеткен қызметтік хаты.
- 5.1.9 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
- 5.1.10 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ереженің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
- 5.2 Жауапкершілігі:**
- 5.2.1 Басқа қызметкерлер жауапкершілігінің дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтармен бекітіледі.
- 5.2.2 ЭБНҒЗИ қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде алынған құпия ақпараттардың жария болмауына жауапты.
- 5.2.3 Ереженің Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері және ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сай жасалуын СМК жүзеге асырады.
- 5.2.4 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМК қызметі жүзеге асырады.
- 5.2.5 Құрылымдық бөлімдегі Ереженің тіркеуге алынған жұмыс данасын сақтауға ҚББ жауапты.
- 5.2.6 ЭБНҒЗИ қызметкерлері университеттің материалдық-техникалық базасының бұзылмауына жауапты.

